

**«АРНАЙЫ ҚАРЖЫ КОМПАНИЯСЫ ЕКА-INVEST»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯСЫНДА
ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ БІРІНШІ РЕТ ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ**



Облигациялардың түрі: қамсыздандыруы бар секьюритизацияланған облигациялар.
Облигациялардың саны: 51 000 (елу бір мың) дана.
Шығарылым көлемі: 51 000 000 (елу бір миллион) теңге.
Эмитенттің қысқартылған атауы: «АҚК ЕКА-INVEST» ЖШС.

«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымының проспектісін мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымының проспектісін мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және эмитент пен облигацияларға қатысты инвесторларда жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды».

**Алматы қ.
2015 жыл**

1. Облигациялардың осы шығарылымы «АҚК ЕКА-INVEST» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі «Эмитент») бірінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.
2. **Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**
 - 1) **Облигациялық бағдарламаның проспектісін мемлекеттік тіркеу күні.**
Көрсетілмейді, себебі облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі мемлекеттік тіркеуден өту үшін Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының проспектісімен уәкілетті органға бір мезгілде ұсынылады.
 - 2) **Аясында шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай айқындалудағы көлемі.**
1 000 000 000 (бір миллиард) теңге.
 - 3) **Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі.**
Облигацияларды шығару Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының аясында бірінші болып табылады.
 - 4) **Облигациялардың алғашқы шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымды уәкілетті органда тіркеу күні, облигациялардың саны, нақтылы құн бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарламаның аясында әр шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың жеке саны).**
Облигацияларды шығару Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының аясында бірінші болып табылады.
 - 5) **Облигациялық бағдарламалардың аясында олардың ұстаушыларына бұрын шығарылған облигацияларға ұсынылатын құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенант) бұзған кезде жүзеге асырылған мен ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын жүзеге асырудың тәртібі көрсетіледі.**
Облигацияларды шығару Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының аясында бірінші болып табылады.
3. **Шығару құрылымы:**
 - 1) **Облигация түрі (купондық, дисконттық, қамсыздандырылумен немесе қамсыздандырылусыз).**
Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша шығарылатын, қамсыздандырылуы бар секьюритизацияланған купондық облигациялар түрі.
 - 2) **Шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі (облигациялар шығарылымының жалпы көлемін нақтылы құн бойынша көрсету).**
Шығарылатын облигациялардың саны – 51 000 (елу бір мың) дана.
Облигациялар шығарылымының нақтылы құны бойынша жалпы көлемі – 51 000 000 (елу бір миллион) теңге.
 - 3) **Бір облигацияның нақтылы құны: 1 000 (бір мың) теңге.**
 - 4) **Облигациялар бойынша сыйақылар:**

- **Облигациялар бойынша мөлшерлеме:**
Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде белгіленген болып табылады және облигациялардың нақтылы құнының жылдық 7,5 (жеті бүтін оннан бес) пайызын құрайды.
- **сыйақыны есептеу басталатын күн, сыйақы төлеудің кезеңділігі мен күні, тәртібі мен оны төлеудің шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, төлем валютасы және айырбастау бағамы көрсетіледі)**
- Сыйақыны есептеу облигация айналуының барлық кезеңінің ішінде жүргізіледі және облигацияны өтеу күніне таяу мерзімде аяқталады.
Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу облигация айналуының барлық мерзімінің аралығында облигация айналуының бастапқы мерзімінен әр **3 (үш) ай** өткенде, **әр тоқсан сайын** жүргізіледі. Сыйақы төлемі жүзеге асырылатын кезеңнің ақырғы күнінің басына (Эмитенттің бас кеңсесі орналасқан жерде уақыт бойынша) Эмитенттің бағалы қағазды ұстаушылар тізілімдеме жүйесінде тіркелген және оны алуға құқығы бар тұлғаларға сыйақы төленеді. Сыйақыны төлеу сыйақы төлемі жүзеге асырылатын, кезеңнің ақырғы күнінің басына (Эмитенттің бас кеңсесі орналасқан жерде уақыт бойынша) күннен бастап **10 (он) жұмыс күн** аралығында облигация ұстаушылардың ағымдық шотына теңгемен аудару арқылы жүргізіледі. Облигация ұстаушыларының тізілімдемесіне сәйкес купондық кезеңнің ақырғы күнінің басына белгіленеді. Төлем мерзіміне сыйақы кесімді құн және купондық сыйақының тоқсандық мөлшерлемесі жүргізілді деп есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны мен дөңгелектеу тәсілі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады. Сыйақының ақырғы төлемі облигациялар бойынша қарыздың негізгі сомасын төлеумен бірге жүргізіледі. Барлық төлемдер (сыйақы және қарыздың негізгі сомасын төлеу) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіпте Эмитентпен жүзеге асырылады. Егер облигацияны ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, онда мұндай облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған жағдайда жүргізіледі. Төлемді жүзеге асырғанда теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары немесе еуродан басқа) облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасы резиденті емес болып табылатындардан сәйкес жазбаша өтініш алған күннен бастап, Эмитентпен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кешіктірмей алғанда төлем жүзеге асырылады. Көрсетілген айырбас төлем жүргізілген жағдай мен күнге Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкі белгілеген коммерциялық курс бойынша жүзеге асырылады. Басқа валютаны теңгеге ауыстыру (АҚШ доллары немесе еуродан басқа) облигация ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатындар есебінен жүзеге асырылады. Құнды қағаз ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларда банктік деректемелерінің бар болуы міндетті болып саналады. Басқа валютаны теңгеге ауыстыру (АҚШ доллары немесе еуродан басқа) облигация ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатындардың пайдасына жүзеге асыруға жол берілмейді.
- **Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.**
Облигациялар бойынша сыйақыларды төлеу жылына 360 (үш жүз алпыс) күн уақыт базасының есебінен жүргізіледі және айына 30 (отыз) күн облигация айналатын бүкіл мерзімнің ішінде жүзеге асырылатын болады;
- **индекстелген облигацияларды шығарған кездегі есеп айырысулар тәртібі.**
Көзделмеген, себебі облигациялар индекстелген болып табылмайды.

- **Егер сыйақы мөлшерлемесі белгіленген болып табылмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі.**

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының бүкіл мерзімінің ішінде белгіленген болып табылады.

5) Облигацияларды өтеу және олардың айналымы туралы мәліметтер:

- **Облигациялардың айнала бастау күні.**

Облигациялардың айнала бастау күні болып, облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздарының ресми тізіміне облигацияларды қосу күні табылады.

- **Облигациялардың айналымы жоспарланып отырған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған).**

Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналатын болады.

- **облигациялардың айналу мерзімі және оларды өтеу талаптары**

Облигациялардың айналу мерзімі айналу бастапқы күнінен бастап 7 (жеті) жыл. Облигациялар төлем жүзеге асырылатын (құнды қағаз ұстаушылары тізілімінің жүйесінде жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) кезеңнің соңғы күнінің басына облигация ұстаушылар тізілімінде тіркелген, облигация ұстаушылардың ағымдық шотына ақша аудару арқылы, облигация айналуының ақырғы күнінен 10 (он) жұмыс күн аралығында ақырғы купондық сыйақы төлеумен бірге теңгемен облигацияның кесімді құны бойынша өтеледі. Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, облигациялар бойынша төлем мұндай облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болғанда жүзеге асырылады. Төлем жүргізгенде басқа валютаны теңгеге айырбастау (АҚШ доллары немесе еуродан басқа) Эмитентпен 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасы резиденті емес болып табылатындардан сәйкес жазбаша өтініш алған күннен бастап рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбас төлем жүргізілген жағдай мен күнге Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкі белгілеген, коммерциялық курс бойынша жүзеге асырылады. Басқа валютаны теңгеге ауыстыру (АҚШ доллары немесе еуродан басқа) облигация ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатындар есебінен жүзеге асырылады. Құнды қағаз ұстаушылар тізілімінде тіркелген, облигация ұстаушыларда банктік деректемелерінің бары міндетті болып саналады. Басқа валютаны теңгеге ауыстыру (АҚШ доллары немесе еуродан басқа) облигация ұстаушылар – Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатындардың пайдасына жүзеге асыруға жол берілмейді.

- **Облигацияларды өтеу жүзеге асырылатын орын.**

«АҚК ЕКА-Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қ., Жібек Жолы к., 50 үй, 812 кеңсе.

- **Облигацияларды өтеу әдісі.**

Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы сыйақыны төлеу облигация ұстаушылары тізілімінің мәліметтеріне сәйкес облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақшаларды аудару арқылы жүзеге асырылады.

б) Облигациялар бойынша қамсыздандыру (ипотекалық және басқа қамсыздандырылған облигацияларды шығарған кезде):

Кепіл заты, оның құны және кепіл затын өндірудің жүгіну тәртібі.

Облигациялар бойынша кепіл заты болып, бөлінген активтер (заемның әрекет етуші шарттары бойынша талап ету құқықтары) табылады.

Кепіл құны: 51 030 050 (елу бір миллион отыз мың елу) теңге.

Келісімнің шарттары туралы облигацияның (негізгі шарттар) қамсыздандыруының: кепілге жылжымайтын мүлік кепіл болып табылады және пайдаланылуы мүмкін. Қосымша ақы жол бермейді. Мерзімді міндеттемелер - 7 жыл.

Кепіл затына өндірудің жүгінуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

- **Облигацияларды қамсыздандыру бойынша шарттың жағдайлары.**
30.03.2015 жылы № 30-3 Кепіл шарты.
- **Оригинатордың атауы және орналасқан жері, басқарушы агент пен талап етудің шегерілген құқықтары бойынша төлемдерді жинауды жүзеге асыратын тұлғаның кастодиан-банкi, сәйкес шарттардың нөмірі мен жасалу күні көрсетіледі.**

Қатысушының атауы	Атауы және орналасқан жері	Шарт нөмірі және күні
Оригинатор	«ПростоКредит» ЖШС Алматы қ., Төлебаев к., 38	04.11.2014 жылғы № 1/3112014 Талап ету құқықтарын шегіндіру шарты (Цессия шарты)
Кастодиан-банк	«Сбербанк России» АҚ еншілес банкі	Келісім-шарт портфельді басқару №ДУ-3 20.02.2015 ж.
Инвестициялық портфельді басқарушы	«Еуразиялық Капитал» АҚ Алматы қ.	Кастодиандық шарт № 111-01 20.02.2015 ж.
Арнайы қаржы компаниясы	«АҚК ЕКА-Invest» ЖШС Алматы қ., Жібек Жолы к., 50, 812 кеңсе	04.11.2014 жылғы № 1/3112014 Талап ету құқықтарын шегіндіру шарты (Цессия шарты)
Талап етудің шегіндірілген құқықтары бойынша төлемдерді жинауды жүзеге асыратын тұлға	«ПростоКредит» ЖШС Алматы қ., Төлебаев к., 38	04.11.2014 жылғы № 2/04112014 клиенттерге қызмет көрсетуді тапсыру шарты.

- **Қызметінің мәні, секьюритизация келісіміндегі оригинатордың құқықтары мен міндеттері.**

Секьюритизация келісіміндегі оригинатор қызметінің мәні	Секьюритизация келісімінде оригинатор: 1) Бөлінген активтерді беруді жүзеге асырады; 2) Арнайы қаржы компаниясы үшін шегіндірілген талап ету құқықтары
--	---

	бойынша төлемдерді жинауды жүзеге асырады.
Секьюритизация келісіміндегі оригинатордың құқықтары мен міндеттері	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған секьюритизация келісіміндегі оригинатордың құқықтары мен міндеттері.

- Бөлінген активтердің құрамына кіретін, талап ету құқықтарының сипаттамасы**

Бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары талап ету құқықтарынан шегінген жағдайдан қарызгер және оригинатордың арасында жасалған, қолданыстағы несиелік шарттан (қарыз шарт) пайда болған, оригинатордың талап ету құқықтарын ұсынады. Талап ету құқықтары қарызгер ұсынған шартқа сәйкес (қарыз шарт) ақша алуға құқығын келесі жағдайларда береді: ақылы, шұғыл, қайтару, негізгі қарыздың сомасын өзіне кіргізетін, комиссия сыйақысын шағымдайтын, сонымен оригинатор алында қарызгердің міндеттерін жүзеге асыратын, басқа төлемдерді ұсынады. Қарыз шарты несиелендірудің бағдарламалары бойынша: тауарлы несие (POS), адал клиенттерге ұсынған ақшалай несие (DSL), авто несиелендіру (CAR).
- Бөлінген активтердің құрамына кіретін талаптардың құқықтары бойынша ақша түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі.**

Қарыздар бойынша төлемдер ай сайынғы негізде жүргізіліп және өзіне қарыз шарты төлемінің кестесіне сәйкес төлемге жататын, қарыз сомасын, қарызды пайдаланғанына сыйақы, сақтандыру сыйақының жарты сомасын кірістіреді. Төлемді төлеу мерзімі оригинатордың есептеме шотына ақша түскен күн болып саналады. Қарызгер қарыз бойынша мерзімінен бұрын төлемді жүргізуге құқылы. Кесте бойынша төлем кешіктірілген жағдайда, шарттың жағдайларына сәйкес мөлшерде өсімақы аударылады. Ақшаның түсуіне бақылау 04.11.2014 жылғы № 2/04112014 клиенттерге қызмет көрсету тапсырмасының шартына сәйкес оригинатормен жүзеге асырады.
- бөлінген активтер бойынша бос түсімдерді уақытша инвестициялау тәртібі.**

Бөлінген активтер бойынша бос түсімдерді уақытша инвестициялау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарушысының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 38 «Жобалық қаржыландыру және секьюритизацияландыру кезде бөлінген активтердің құрамына кіретін ақшаны инвестициялауды жүзеге асыруға қойылатын талаптарды және бөлінген активтер есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қаражаттарды қаржыландыру инвестициялық қоржынды басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар инвестициялық қоржынның басқарушысымен шарттың негізінде қаражаттарды инвестициялау жүзеге асырылады.
- Секьюритизацияландыру мәмілесін қамтамасыз ететін, бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және болжамды талдау.**

Бөлінген активтердің мөлшері 3 054 361 586 (үш миллиард елу төрт миллион үш жүз алпыс бір бес жүз сексен алты) теңгені құрайды. Бөлінген активтердің құрамы – жеке тұлғалармен жасалған, қарыз шарты (несие) бойынша кешіктірілген берешек.

Бөлінген активтердің өсімінің болжамды талдауы Эмитенттің инвестициялық стратегиясынан тәуелді.

- **Секьюритизация келісіміне қатысатын тұлғалар мен оригинаторда секьюритизацияны қолдану тәжірибесінің болуы.**
Оригинатор, сондай-ақ секьюритизация келісіміне қатысатын тұлғалар секьюритизацияны қолдану тәжірибесіне ие емес.
- **Талап ету құқықтарының біртектілік критерийлері.**
Секьюритизация келісімі бойынша талап ету құқықтары біртектіліктің келесі критерийлеріне ие:

Талап ету құқықтарының пайда болуы	Несие шарттары (заем шарттары)
Несиелеу бағдарламалары	Тауарлық несие (POS), адал клиенттерге берілген ақшалай несие (DSL), авто несиелеу (CAR)
Қарызгерлер	Жеке тұлғалар
Несие сомасы	6 000 000 теңгеге дейін
Өтеу мерзімі	2008 – 2017 жж.
Мүліктік қамсыздандыру:	Кепілді және кепілсіз заемдар

- **секьюритизация келісімі тараптарының үлестілігі**
Секьюритизация келісімінің тараптары үлестес тұлғалар болып табылмайды.
- **Қосымша қамсыздандыру туралы.**
Бөлінген активтерге қосымша қамсыздандыру – жоқ.
- **аталған облигация бағдарлама шегінде шығарылған, әр түрлі шығарымды облигацияларды жабу кезектілігі.**
Орындалу мерзімі келген облигацияларды келесідей жабу кезегінің міндеттемелерін орындау, тек қана алдыңғы кезектегі орындалу мерзімі келген міндеттемелерді орындағаннан кейін, рұқсат етіледі. Міндеттемелерді орындаудың белгіленген кезекшілігі облигациялардың иелеріне төлемге жататын, айып төлеу сомасы мен басқа айыппұл санкцияларына қатысты қолданылады.
- **Секьюритизацияландыру мәмілесі бойынша қызметті төлеумен байланысты шығыстар және шарттары, оған сәйкес Эмитент бөлінген активтерден аталған шығыстарды шығарып тастауға құқылы.**
Секьюритизацияландыру мәмілесі бойынша қызметті төлеумен байланысты, шығыстар сомасы мәміленің қатысушыларымен шарт арқылы анықталады. Эмитент секьюритизацияландыруді жүзеге асырумен байланысты, бөлінген активтерден шығыстардың әр түрлі сомасын алып тастауға құқылы.
- **Облигацияларды орналастырудың нәтижесінде Эмитентпен алынған, ақшалардың нысаналы мақсаты.**
Эмитент бөлінген активтер бойынша түсімдерді секьюритизацияландыру мәмілесі аясында қызметті төлеу және шығарылған облигациялар бойынша

міндеттемелерді орындауға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары мен Эмитенттің инвестициялық стратегиясына сәйкес қаржылық құралдарға инвестициялауға пайдаланады. Эмитент облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны бөлу тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды. Облигацияны орналастырудан түскен ақшаны жоспарлы үлестіруде ықтимал өзгерістер пайда болған жағдайда, ЭмитентҚР заңнамасында ескерілген тәртіпте Проспектіге сәйкес облигациялар шығаруға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін болады.

- **Облигация ұстаушыларына несиенгерлердің өкілдерін Эмитент органдарына енгізу және олардың өкілдіктері туралы базалық шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иесі ауысқандығы туралы ақпаратты ұсынудың тәртібі.** Облигация ұстаушыларына несиенгерлердің өкілдерін Эмитент органдарына енгізу және олардың өкілдіктері туралы базалық шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иесі ауысқандығы туралы ақпарат Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек Жолы к., 50 үй, 812 кеңсе мекенжайы бойынша, сондай-ақ Эмитенттің www.eka.kz ресми сайтында немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми сайтында қол жетімді:
- **бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын активтерді инвестициялық басқарумен және жобалық қаржыландыру келісіміне қызмет көрсетумен байланысты Эмитент шығындарының тізімі.**

Шығындардың атауы	
1.	Қаржы кеңесшісінің қызметтері
2.	Кастодиан-банктің қызметтері
3.	Инвестициялық портфельді басқарушының қызметтері
4.	Талап етудің шегіндірілген құқықтары бойынша төлемдерді алуды жүзеге асыратын тұлғаның қызметтері
5.	Аудитордың қызметтері
6.	Рейтингтік агенттіктің қызметтері
7.	Листингтік алымдар
8.	Орталық депозитарийдің қызметтері
9.	Тіркеушінің қызметтері
10.	Эмитент қызметкерлерінің жалақысы және жайды жалға алу
11.	Үстеме шығындар

- **облигациялар ұстаушыларының алдында Эмитент міндеттемелерін атқарудың қамсыздандырылуы болып табылатын мүліктің сипаттамасы.** Облигациялар ұстаушыларының алдында Эмитент міндеттемелерін атқаруды қамсыздандыру болып, бөлінген активтер – әрекет етуші несиелік шарттар (заем шарттары) бойынша талаптар ету құқығы табылады.

7) Облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер.

Облигация ұстаушылары өкілінің функцияларын «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы, 050022, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 17 үй, 17 қабат, 5 кеңсе, тел./факс: +7 (727) 311-10-64 / +7 (727) 311-10-65. Нақтылы ұстаушы ретінде клиент шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға 03.07.2014 жылғы № 4.2.111/218 лицензияға ие. Облигациялар ұстаушыларының өкілдері 27.10.2014 жылғы № н-сіз шарттың негізінде өз функцияларын жүзеге асырады);

8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу бойынша қызметтерді көрсету шартының нөмірі және күні).

Облигация ұстаушыларының тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тіркеушімен - «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамымен жүзеге асырылады. Ол Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141 мекенжайы бойынша орналасқан, тел.: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60 ішкі 230. Тіркеуші өз функцияларын бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша Шарттың негізінде функцияларын жүзеге асырады: от 01.01.2015 ж. Эмитентпен жасалған № 1829 шарт.

9) Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымның атауы, орналасқан жері, сәйкес шарттардың күні мен нөмірі).

Қаржы кеңесшісі және андеррайтер: «Еуразиялық Капитал» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қ., Желтоқсан к., 59; тел: + 7 (727) 333-40-20, факс: + 7 (727) 333-40-21), «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 25.06.2014 ж. бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген № 4.2.206/103 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет етеді. Қаржы кеңесшісі Эмитентпен жасалған 27.01.2015 жылғы № н/сіз андеррайтер қызметтерін көрсету туралы Шарттың негізінде өз функцияларын жүзеге асырады.

10) Төлем агенті туралы мәліметтер (ұйымның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірі, сәйкес шаттың күні мен нөмірі көрсетіледі).

Сыйақыларды төлеу және облигацияларды өтеу төлем агентінің қызметін пайдаланусыз Эмитентпен өз бетінше жүргізіледі.

11) Облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар:

- Проспектіге сәйкес облигациялардың нақтылы құнын алуға құқық;
- Проспектіге сәйкес белгіленген сыйақыны алуға құқық;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерімен көзделген тәртіпке және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға құқық;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте облигациялардың қатынасында өз талаптарын қанағаттандыруға құқық;
- Сыйақыны және облигациялар бойынша негізгі борыштың нақтылы құнын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерді атқармауының әр күні үшін өсімпұл түрінде айып төлем төлеуді талап етуге құқық. Сонымен қатар, сыйақыны және облигациялар бойынша негізгі борыштың нақтылы құнын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерді атқармауының әр күні үшін өсімпұл түрінде айып төлем міндеттемелерді немесе оның сәйкес бөлігін атқару күні әрекет ететін (яғни, төлем жүргізілген кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесінен шыға отырып есептеледі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіпте облигацияларға берілген меншік құқығынан шығатын басқа құқықтар.

Облигация ұстаушыларының құқытары көзделмеген:

- Эмитенттен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету;

- Эмитенттен басқа мүліктік баламаны немесе басқа мүліктік құқықтарды алу.

11-1) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт – сыйақыны (купон), облигациялар бойынша ақырғы купондық сыйақы және кесімді төлемеу немесе толық төлемеу. Егер нағыз проспектіде көрсетілген мерзімде, Эмитент өз міндеттерін орындамаса, облигация ұстаушылардың барлық құқықтары мен олардың мүддесін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асыралады. Нағыз шартпен белгіленген, мерзімде облигациялар бойынша негізгі берешек немесе/және купондық сыйақы Эмитенттің кінәсі бойынша немесе толық төленбегенде, Эмитент облигация ұстаушыларға кешіктірілген әрбір күнге өсімақыны Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесінен шыға отырып есептелетін ақшалай міндеттеменің немесе оның бөлігін (төлем жүргізілетін кезеңнің ақырғы күнінің келесі мерзіміне) төлейді. Облигациялар бойынша дефолт болғанда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аталған облигациялар бойынша берешекті талап етуге құқығы бар. Эмитент өз міндеттемелері бойынша дефолтты болдырмау мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдайды және барлық қажетті шараларды жүзеге асырады. Облигациялар бойынша дефолт болғанда Эмитент дефолтты тудыратын себептерді жою үшін барлық күшін жұмсайды, оның ішінде қолданылатын шаралар:

- 1) қалыптасқан жағдайда Эмитенттің өтімділігін тиімді басқару және Эмитенттің міндеттемелерін ары қарай орындау үшін оның жеткілікті деңгейде қамтамасыз етуімен байланысты іс-шараларды орындау;
- 2) пайда болған оқиғаларға тәуелді басқа іс-шаралар.

Егер еңсерілмейтін күш жағдайының салдарынан Эмитент осы шарттар бойынша өз міндеттерін жартылай немесе толық орындай алмаса, ол жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп, барынша болжай және алдын ала алмайтын (стихиялық құбылыстар, әскери іс-әрекеттер және т.б.) жағдайлар ұғылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары пайда болғанда Эмитенттің осы шарттар бойынша өз міндеттерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар және олардың салдары әрекет ететін шамаланған уақытқа жылжытылады.

- **Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптар көрсетіледі.**

Дефолтты оқиға пайда болғанда Эмитент облигация ұстаушылардың құқығын қамтамасыз ету мақсатында дефолттық оқиғаны тудырған, себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді. Эмитент бір немесе барлық дефолт оқиғалары пайда болған күннен 15 (он бес) жұмыс күні аралығында, дефолттық оқиғаларды тудырған (еңсерілмейтін күштің жағдайлары саналатын, оқиғалардан басқа) себептерді жою үшін мүмкінше іс-шаралар қабылдауы қажет. Көрсетілген кезеңде Эмитентпен мұндай себептерді қалпына келтірмеген жағдайда, облигация ұстаушылар облигациялар бойынша талаптар құқығын сатып алу немесе облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талапты Эмитентке жолдау арқылы (облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу бойынша Эмитентпен міндеттерді тиісті орындамау немесе орындамаған жағдайда) облигациялар бойынша талап құқықтарын сатып алу немесе оларға жататын облигацияны сатып алуға құқықтары бар.

Эмитентпен дефолттан шығудың тиімді тәсілін анықтау мақсатында облигация ұстаушылардың жалпы жиылысын өткізуді бастайды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлем және орындалу мерзімін көрсетумен, облигация ұстаушылар алдында өз міндеттерін орындау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді. Эмитентпен дефолт болған кезде Эмитенттің төлем қабілеттілігін қайта қалпына келтіру және облигациялар бойынша берешекті жабуға бағытталған іс-шараларға әртүрлі қайта құру, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін іс-шаралар кіреді. Облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттерін тиісті орындамау немесе орындамау Эмитенттің міндеттемелері бойынша тілектес немесе субординарлық жауапкершілікті тартатын тұлғалар – жоқ.

- **Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себебін, сондай-ақ эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің толық сипаттамасы көрсетіледі.**

Облигацияларды шығару бойынша аталған міндеттемелер бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент дербес облигация ұстаушыларды міндеттемелерді орындау мерзімінен облигацияны шығару проспектісімен белгіленген, 3 (үш) күннен кешіктірмей берешек құнды қағаздар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы облигация ұстаушыларды хабарландыруға міндетті. Эмитент облигация ұстаушылардың мәліметіне Биржаның ресми сайтында хабарландыруды жариялаумен жеткізеді (www.kase.kz), Эмитенттің ресми сайты (www.eka.kz) және и Қаржылық есеп депозитарийі (www.dfo.kz) хабарлайды. Эмитенттің хабарламасы дефолт фактілері туралы ақпаратты, оның ішінде орындамаған міндеттемелердің көлемі, орындалмаудың себептері, Эмитентке талаппен жүгінудің тәртібін кіргізе, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың мүмкінше іс-әрекеттерін көрсету, Эмитентпен орындалмаған міндеттемелерді жабудың мүмкінше мерзімі және қалыптасқан жағдайды қалпына келтіру үшін қолданылатын іс-шаралар болуы тиіс. Ұстаушы дефолт пайда болған 10 (он) жұмыс күн өткен соң, Эмитенттің мекен жайына облигациялар бойынша талап құқығын сатып алу немесе оған тиісті облигацияны сатып алу (облигациялар бойынша негізгі берешекті төлеу бойынша міндеттемені Эмитентпен тиісті орындау немесе орындамаған жағдайда) туралы жазбаша өтініш жолдауға құқылы. Облигация ұстаушының өтініші Эмитентпен өтініш алған күннен 15 (он бес) жұмыс күні аралығында қаралады. Облигацияны сатып алу Эмитентпен облигацияны сатып алу тәртібі мен мерзімі туралы сәйкес шешімді Эмитенттің жалғыз қатысушы қабылдағаннан кейін, жүзеге асырылады. Эмитенттің жалғыз қатысушысының шешімі облигация ұстаушының мәліметіне оны қабылдаған күннен 5 (бес) жұмыс күн аралығында Биржаның (www.kase.kz) ресми сайтында, Эмитенттің (www.eka.kz) ресми сайтында және Қаржылық есеп депозитарийі (www.dfo.kz) ресми сайтында ақпарат жарияланатын болады.

- **міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттары.**

Облигациялар бойынша дефолт болған кезде Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады. Облигацияларды шығару проспектісінің

шарттарын купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу бөлігінде бұзған жағдайда, Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім Эмитенттің Жалғыз қатысушысымен және қолданылатын заңнамаға сәйкес несие берушілердің келісімімен, соның ішінде облигациямен оның ұстаушыларына ұсынылатын құқықтарды ескеріп қабылданады. Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттары облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда облигация ұстаушылары өкілінің міндетті қатысуымен, келіссөздер жүргізу арқылы Эмитентпен облигация ұстаушыларымен келісіледі.

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзіміне дейін өтеу құқығы.

Эмитент облигацияларды мерзіміне дейін толық өтеуге құқылы. Эмитенттің Жалғыз қатысушысы облигацияларды мерзіміне дейін толық өтеу туралы шешім қабылдаған кезде, Эмитент осы рәсімді өткізетін күнге дейін 30 күнтізбелік күн бұрын осы облигациялардың ұстаушыларын облигацияларды мерзіміне дейін өтеуді бастау күні, шарттары, облигацияларды өтеудің мерзімдері мен тәртібі туралы «Қазақстан қор биржасы» АҚ ақпараттық сайтында (www.kase.kz), Эмитент (www.eka.kz) пен Қажрылық есеп депозитарийі ресми сайтында (www.dfo.kz) хабарлау арқылы ақпараттандырады. Облигацияларды мерзіміне дейін толық өтеу облигацияларды мерзіміне дейін өтеу күнінен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде инвесторлардың ағымдағы шоттарына ақшаларды аудару арқылы жиналған купондық сыйақыны бір мезгілде төлеп, теңгемен нақтылы құн бойынша жүзеге асырылады. Мерзіміне дейін өтеген кезде, нақтылы құн мен сәйкес купондық сыйақыны алуға төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы. Егер ҚР бейрезиденті инвестор болып табылса, инвестордан сәйкес сұраныс алынған кезде, теңгемен төленетін төлем сомасы осындай төлемді жүзеге асыру күніне Эмитентпен орнатылған курс бойынша өзге валютаға конверсиялануы ықтимал. Теңгемен төленетін төлем сомасының өзге валютаға конверсиялануы инвестордың есебінен жүргізіледі.

12-1) ақпараттың мазмұнын, мұндай ақпаратты ашудың тәртібін, мерзімін және әдісін көрсетіп облигация ұстаушыларын Эмитенттің өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпараттандыру, соның ішінде облигацияларды шығару проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпараттандыру тәртібі.

Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде Эмитенттің қаржылық есептері бойынша, шектеулерді (ковенанттарды) орындау туралы аудиторлық есептер Эмитенттің (www.eka.kz), Биржаның (www.kase.kz), Қаржылық есеп депозитарийі (www.dfo.kz) ресми сайттарына Эмитент пен Биржа арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листінгі туралы шартта көрсетілген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес орналастырылатын болады және тұрақты негізде жаңартылады.

13) Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаларды пайдалану туралы мәліметтер:

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны Эмитенттің пайдалану мақсаттары және тәртібі, сондай-ақ осындай өзгерістерді көрсетіп, алынған ақшаларды жоспарлы үлестіруде ықтимал өзгертулерді тудыруы ықтимал жағдайлар.

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшалар талап құқығын шегіндіру шартының жағдайларына сәйкес оригинатордан Эмитентке түскен талаптар құқықтарын төлеуге бағытталатын болады. Жоспарлы үлестіруде ықтимал

өзгертулерді тудыруы ықтимал, ақшаларды пайдалану жағдайлары жобалық қаржыландыру және секьюритизация туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында орнатылған.

3-1. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңінің кесіндісінде негізгі борыш сомасын өтеу және сыйақыларды төлеу үшін қажет Эмитенттің ақшалай қаражаттарының ағымдары мен көздерін болжау.

Облигацияларды шығару проспектісіне №1 қосымша.

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)

Осы облигацияларды шығару проспектісінде көзделген облигациялар айналымының бүкіл кезеңінің ішінде Эмитент келесі шарттарды сақтауға міндетті:

- 1) адалау күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомасына Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті адаламау;
- 2) облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу күніне осы Эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан асатын Эмитент облигацияларын шығарумен байланысты емес міндеттемелерді атқармау фактілеріне жол бермеу;
- 3) Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгертулер енгізбеу;
- 4) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды өзгертпеу;
Инвесторлардың мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамсыздандыру үшін қажет қосымша шектеулері (ковенанттары) бар ұйымдастырылған нарықта айналуы жоспарларынып отырған облигацияларды шығару проспектісіне кірістіру бойынша Листингтік компанияның ұсыныстары.
- 5) Инвесторлардың мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамсыздандыру үшін қажет қосымша шектеулері (ковенанттары) бар ұйымдастырылған нарықта айналуы жоспарларынып отырған облигацияларды шығару проспектісіне кірістіру бойынша Листингтік компанияның ұсыныстары:
 - Эмитент пен биржа арасында жасалған листингтік шартта орнатылған жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
 - аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзылу себептері болып, аудиторлық компанияның кінәсі табылған жағдайларды қоспағанда, Эмитент пен биржа арасында жасалған листингтік шартта орнатылған Эмитенттің жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.

Жоғарыда аталған ковенанттар бұзылған жағдайда облигация ұстаушылары оларға тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитент облигация ұстаушыларының талап етуі бойынша жиналған сыйақыны ескеріп, облигациялардың нақтылы құнына сәйкес сәйкес келетін баға бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті (ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 3 бөлімінің 15 тармағының 2 тармақшасын қараңыз).

Облигация ұстаушысы Эмитентке барлық қажет деректемелерді көрсетіп, еркін түрде өтініш беруі тиіс.

Облигацияларды сатып алу нақтылы құн мен жиналған купондық сыйақыны ұстаушылардан міндеттемелерді атқару туралы жазбаша талапты алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде облигация ұстаушыларының банктік шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады.

Сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушылары проспектіде көрсетілген осы шығарылымның айналу мерзімі аяқталған соң оларға тиесілі облигацияларды жабуға құқылы.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда Эмитент осындай бұзушылық болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде облигация ұстаушыларға бұзушылықтың пайда болу себебін, Эмитенттің ресми сайтына (www.eka.kz), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есеп депозитарийіне (www.dfo.kz) ақпараттық хабарламаны беру арқылы аталмыш бұзушылықты жоюдың әдісі мен мерзімін толық сипаттап, аталмыш бұзушылық туралы ақпаратты жеткізеді.

4. **Опциондар туралы ақпарат:** Опциондар көзделмеген.
5. **Конверсияланатын облигациялар:** Облигациялар конверсияланатын болып табылмайды.

6. **Облигацияларды орналастырудың әдісі:**

1) **облигацияларды орналастырудың мерзімі мен тәртібі:**

Облигацияларды орналастыруды бастаудың күні болып, облигациялардың айнала бастау күні табылады.

Облигациялар айналымның бар мерзімінің ішінде орналастырылатын болады. Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылатын болады. Облигацияларды ұйымдастырылған нарықта орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Облигациялар ұйымдастырылмаған нарыққа орналастырылмайтын болады. Эмитент облигациялардың айналымына қандай да шектеулерді, облигациялардың ықтимал алушыларының, соның ішінде Эмитенттің байланысқан тараптары болып табылатын тұлғаларды қосқанда, арасында облигацияларды орналастыру ұйғарылатын тұлғалар тобының қатынасында шектеулерді ұйғармайды.

2) **акцияларға конверсияланатын облигацияларды орналастырған кезде, конверсиялау шарттары көрсетіледі.**

Облигациялар конверсияланатын болып табылмайды.

3) **облигацияларды төлеудің шарттары мен тәртібі:**

Облигацияларды төлеудің шарттары, тәртібі, соның ішінде қайта құрылымдау жоспарымен көзделген ерекшеліктерді ескеріп, есеп айырысу әдістері.

Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен төленеді. Облигацияларды орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде саудаларды жүргізу арқылы жүргізілетін болады, облигацияларды төлеу тәртібі саудаларды ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен орнатылған.

Бас директор

Бас есепші



Амриева А.Б.

Жок

(ТОО "СФК ЕКА-Invest" ЖШС-нің Облигациялар шығарылымы проспектісіне 1-ші Тіркеме) Бастаудың және ақшалаы ақы-пұлдың тасқынының болжамы.

	2015			2016				2017				2018				2019				2020				2021				2022	
	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	2	3	4	1	
I. Ақшалаы ақы-пұлдың қозғалысы операциялық қызметтен (мың теңге)																													
1. Ақшалаы ақы-пұлдың түсімі, барлық																													
	38 052	38 052	38 052	32 209	32 209	32 209	32 209	26 830	26 830	26 830	26 830	22 032	22 032	22 032	22 032	17 699	17 699	17 699	17 699	13 734	13 734	13 734	13 734	10 053	10 053	10 053	10 053	10 053	
2. Ақшалаы ақы-пұлдың шығып кет., барлық	8 594	8 594	8 594	26 833	7 717	7 717	7 717	26 027	6 911	6 911	6 911	25 307	6 191	6 191	6 191	24 657	5 541	5 541	5 541	24 062	4 946	4 946	4 946	23 510	4 394	4 394	4 394	23 510	
3. Ақшалаы ақы-пұлдың таза	29 458	29 458	29 458	5 376	24 492	24 492	24 492	804	19 920	19 920	19 920	-3 275	15 841	15 841	15 841	-6 958	12 158	12 158	12 158	-10 328	8 788	8 788	8 788	-13 457	5 659	5 659	5 659	-13 457	
II. Ақшалаы ақы-пұлдың қозғалысы инвестициялық қызметтен (мың теңге)																													
1. Ақшалаы ақы-пұлдың түсімі, барлық																													
2. Ақшалаы ақы-пұлдың шығып кет., барлық																													
3. Ақшалаы ақы-пұлдың таза сомасы																													
III. Ақшалаы ақы-пұлдың қозғалысы финанс қызметтен (мың теңге)																													
1. Ақшалаы ақы-пұлдың түсімі, барлық																													
2. Ақшалаы ақы-пұлдың шығып кет., барлық	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	956	
3. Ақшалаы ақы-пұлдың таза сомасы																													
Небәрі: +/- аумақтау - ақшалаы ақы-пұлдың кемуі	28 502	28 502	28 502	4 420	23 536	23 536	23 536	-152	18 964	18 964	18 964	-4 231	14 885	14 885	14 885	-7 914	11 202	11 202	11 202	-11 284	7 832	7 832	7 832	-14 413	4 703	4 703	4 703	-14 413	

Ақшаны ақы-пұл және оның баламал ары есептік кездің адағына	0	28 502	28 502	28 502	4 420	23 536	23 536	23 536	-152	18 964	18 964	18 964	-4 231	14 885	14 885	14 885	-7 914	11 202	11 202	11 202	-11 284	7 832	7 832	7 832	-14 413	4 703	4 703	4 703
Ақшаны ақы-пұл және оның баламал ары есептік кездің адағына	28 502	28 502	28 502	4 420	23 536	23 536	23 536	-152	18 964	18 964	18 964	-4 231	14 885	14 885	14 885	-7 914	11 202	11 202	11 202	-11 284	7 832	7 832	7 832	-14 413	4 703	4 703	4 703	-14 413